



Астана күні



Құрметті Приозерск қаласының тұрғындары мен қонақтары!

Баршаңызды, Тәуелсіздік жылдарында қол жеткен ең үлкен жетістігіміздің бірі, Сарыарқаның төріндегі Елордамыздың 24 жылдық тойымен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл күн, Тәуелсіз еліміздің тарихында айтулы орын алар, маңызы терең мерекелердің бірі.

Еліміздің астанасы – елдігіміздің нышаны, береке-бірлігіміздің ұйытқысы, абыройымыздың айғағы.

Бүгінде әлемдік деңгейдегі мәселелерді талқылайтын алаң, саяси және мәдени шаралардың ошағы, жанашылдық пен жазампаздықтың озық орталығы – елімізге деген шексіз сүйіспеншілік, бабадан мұра кең байтақ қазақ жеріне деген махаббат пен құрметтің туындысы.

Алаштың асқақ армандарының ақиқатқа айналып, қазақ ұлтының ұлы тұғыры саналатын бас қаламыз - біздің еліміздің бүгінгі, баянды болашағының бейнесі.

Ерке Есілдің бойын жағалай орналасқан әсем қала - сәулеті мен дәулеті асқан, архитектуралық ерекшелігімен талайдың таңдайын қақтырар әлемдік деңгейдегі қалалардың біріне айналды.

Еуразия құрлығының кіндігінде орналасқан астанамыз бүгінде Шығыс пен Батысты жақындастыратын, әртүрлі мәдениеттер мен өркениеттерді қауыштыратын, бейбітшілік пен тұтастық идеясын тарататын орталыққа айналды.

Құрметті жерлестер!

Мұның барлығы бірлігі жарасқан, дархан пейілді халқымыздың зор еңбегінің жемісі!

Халқымыздың жүрегі, еліміздің тірегі - Елордамыз жасай берсін!

Осынау мерейлі мереке күні, баршаңызға дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға құт-береке, еңбектеріңізге табыс, елімізге бейбітшілік пен баянды болашақ тілеймін!

Сұлу астанамыз қарыштап дами берсін!

С.Сатаев,

Приозерск қаласының әкімі.

Б.Сәрсембеков,

Приозерск қалалық мәслихат хатшысы.

Шабыт

АРНАУ

Атауың құтты болсын «Қоржын түбек»,
Көп болсын оқырманың бізден тілек.
Берейін мен аталық ақ батамды,
Самғай бер қыран құстай ұшқан түлеп.

Алданбай алаяқтың аяласына,
Халықтың қызмет қыл пайдасына.
Әрдайым жалтақтамай шындықты жаз,
Қаламның айнала біл айнасына.

Әрқашан бола берсін жолың ашық,
Өзіңе оқырмандар болсын ғашық.
Қаншама ел ішінде таланттар жүр,
Соларды насихатта жолын ашып.

Жүгінің қарамастан ауырына,
Үлес қос тіліміздің дамуына.
Сөз қозғап түрлі-түрлі жанрлардан,
Ұнай біл оқырмандар қауымына.

Сарсенбаев Әбдіреім

АРМАН ҚАЛА – АСТАНА

Әр күн сайын жаңаруда Астанам,
Абыройы, беделі артық басқадан.
Гүл-гүл жайнап өсіп жатқан бас қалам,
Жазылатын, шырқалатын асқақ ән.

Келбетімен ел мерейін өсірген,
Армандарды ақиқатқа көшірген.
Сағ алтындай салқын самал еседі,
Асыр сала еркелеген Есілден.

Үміт толы атқан таңың арайлы,
Алтын сәуле шартарапқа тарайды.
Жайрандаған, сайрандаған халыққа,
Бәйтерегім сонау көктен қарайды.

Аспандағы аққуларға қосқан ән,
Егеменді елін алға бастаған.
Бар әлемге танытты ғой қазақты,
Асқақтаған арман қала – Астанам.

Саған қарап, болашақты көремін,
Келешектің кемеліне сенемін.
Жүрегінде дана қазақ рухы бар,
Өсіп келе жатыр өңкей өренің.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

Уважаемые жители города!

Если у вас есть замечания, заявления, жалобы, предложения по работе, проводимой в городе. Свяжитесь с нами по электронной почте (Priogazeta@mail.ru). Со своей стороны, мы оказываем содействие местным исполнительным органам в положительном решении данных вопросов.

СҮЙІНШІ! СҮЙІНШІ! СҮЙІНШІ!

ЖАҢА ГАЗЕТТІҢ ЖОЛЫ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



Иә, қаламыздағы тұрғындарға сүйіншілеп тұрып жақсы жаңалықты жеткізудің орайлы сәті туып тұр. Себебі, қала тарихында атауы алтын әріптермен жазылып қалатын, қарапайым оқырман қауымның көп жылдардан бері көкейінде жүрген қалауы, заман мен қоғамның талабы болған қазақша атаумен шығатын «QORJYNTÜBEK JARŞYSY» газеті қаланың 66 жылдық мерейтойы және «Астана күні» қарсаңында мерекелер құрметіне алғашқы тұсаукесер санын назарларыңызға ұсынып отыр.

Ұлттық атау мен нақыштағы жаңа газет өмірге қадам басып тұрғанда, ең алдымен менің есіме, неге екенін білмеймін, есімдері ұлт жадында мәңгі сақталып қалған «Алаш арыстары» ойыма оралды. Әрине, сонау алмағайып, қиын-қыстау заманда, ата-балаларымыз өмір бойы аңсаған қазақтың басына бостандық, тәуелсіздік әпереміз деп алысқан, өздерінен күші жүз, мың есе басым басқыншы жүйемен жағаласқан Әлихан Бөкейхан бастаған Ахмет Байтұрсынұлы, Мұстафа Шохай, Міржақып Дулатұлы, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мағжан Жұмабаев, Халел Домұхамедов және тағы басқа ондаған, жүздеген сол арыстарымыз қазақтың сайын даласында өте алшақ орналасқан қазақ ұлтымен байланыс жасап, ортақ мүдделерін, жаңалықтар мен ақпараттарды, мақалалар мен ұсыныс-пікірлерді баспасөз, яғни – газет арқылы жеткізуді мақсат еткен. Бұл туралы А.Байтұрсынұлы «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі», - деп нақты тұжырымын айтқан. Бұл – барлық алаштықтардың ой-мақсаттары болды және олардың барлығы газет беттерінен мейлінше пайдаланды. «Алаш», «Қазақ» «Маса» секілді газет-журналдарда олардың жазып қалдырған, тарихи архивтерде сақталған құнды дүниелері соның айғағы. Сондықтан, бүгінгі оқырмандарына жол тартып отырған газет осынау мақсат-мүдденің үдесінен шығады деп ойлаймыз және үміттенеміз. Қазақтың азатқағы үшін бүкіл өмірін майдан даласында сарп еткен батыр, әулие, қасиетті, ақжолтай Ағыбай бабамыз қоныс еткен, көрі Балқаш көлінің түбегінде орналасқан Қоржынтүбек елдімекенінің атауын газетке еншілеген жас кәсіпкердің таңдауын да өте құптап, қолдаймыз! Жарасымды әрі лайықты атау.

Жаңа газеттің ұйымдастырушысы һәм құрылтайшысы жас кәсіпкер Исатай Махамбет есімді азамат. Қазақ және орыс тілді оқырмандары қамтуды мақсат еткен газет жастар мәселесіне де

көбірек көңіл бөлетін сынайлы. Сонымен қатар қаламызда болып жатқан жылт еткен жаңалықтарды, ақпараттарды, жасалып жатқан жұмыстарды, еңбек адамдарының тыныс-тіршілігін, мерейтолық ішараларды, нақандық жұмыстарға дайындықтардың барысын жаза отырып, тұрғындармен ашық қарым-қатынас орнатып, назарға іліккен қате-кемшіліктерді де көрсетіп отырса игі. Қаламыздағы өнерлі, шығармашылыққа бейімді балалар мен жасөспірімдердің, жастар өкілдерінің өлең-жырларының, әңгіме-новеллаларының газет бетінде жарияланып тұруын қамтамасыз етсе, нұр үстіне нұр! Бұның бәрі газеттің беділін арттырып, оқырмандар аясын кеңейтеріне сеніміміз көміл.

Қазіргі нарық заманының талабына сай хабарландыру, жарнамалармен қатар «Құттықтаулар» мен «Қазанамаға» да орын берілгені дұрыс. Газет бетіне түскен мұдай көңіл білдірулер әрбір отбасының мұрағатында ұзақ уақытқа сақталып қалатыны анық. Кәсіби журналист, қырық жылдық тәжірибеге ие маман, ҚР журналистер Одағының және Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі ретінде жас кәсіпкермен кездесіп, қадамына сәттілік тілеп, сұқбатасу барысында оның өз ой-пікірлері және мұрат-мақсаттарымен таныстым. Сөз ауанынан оның бұл салаға жайдан-жай келмегенін, ұзақ уақыт дайындалып, бұл саланы зерттеп, үйреніп, үлкен дайындықпен аталған іске қадам қойғалы отырғанын ұқтым. Әзірше оқырмандар үшін құпия боп қала тұратын көптеген идеяларымен бөлісті. Осы қаланың тұрғыны, азаматы һәм маман ретінде газеттің іркіліссіз жұмыс істеуіне өз тарапымнан көмек қолымды созатынымды білдірдім.

«Жас келсе – іске», - демекші, ұлттық реңк-нақыштағы жаңа газет шығаруды қолға алған жас кәсіпкерге қала тұрғындары, кәсіпкерлер, жастар өкілдері де біргелікте атсалысып, қызметінің алға жылжуына қол ұшын беруді қажет деп есептеймін. Жақсы істің өміршең болуы көбінесе көпшіліктің ауызбіршілікпен, ымараластықпен, түсіністікпен атқарған жұмысына тікелей байланысты. Сондықтан, «QORJYNTÜBEK JARŞYSY» газетінің халықтың жаршысы болуы үшін қолдау көрсетейік, ағайын!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,

**ҚР журналистер Одағы мүшесі,
Қазақстан жазушылар**

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНА 150

АЛАШТЫҢ БІР АЛЫБЫ – АХМЕТ!

Биылғы 2022-жылы дүниеге келгеніне 150 жыл толып отырған Алаш арыстарының арасында Ахмет Байтұрсынұлының есімі ерекше аталады. Себебі, бұл тұлға халқымыздың «рухани көсемі». Ал мұндай анықтаманың аясына барлық ұлы қасиеттің бәрі сыйып кететіні белгілі. Ахмет Байтұрсынұлы – қайраткер. Ғалым. Ұстаз. Қазақ тіл білімінің терминологиясын жасаушы. Біз бүгін бұлардың бәрін емес, тек соңғысына тоқталмақпыз.

Жалпы кез келген ғылымды оқып білу, меңгеру немесе оны өзгелерге үйрету сол салада қолданатын арнаулы ұғым атауларының мүмкін емес. Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғалым ретінде Ахмет осы ғылым саласындағы негізгі ұғымдарды және олардың өзара байланысын анықтап, яғни қазақ тілінің табиғатын көрсететін ұғымдар жүйесін тұзумен қатар, сол ғылыми ұғымдардың атауларын да жасаған жан. Ғылыми ұғымдарға атау беру үлкен талғампаздықты, тілді шебер пайдалана білуді қажет ететін шығармашылық үдеріс. Онымен қоса, арнаулы ұғымдарға ат қою кезінде ол жүйенің өзіндік ерекшеліктерін міндетті түрде ескеру қажет. Атаудың ықшам болуы, бір мағыналылығы және ұғым мазмұнын қамтуы тағы бар. Осындай талаптарды мұлтіксіз орындаудың қиындығы терминдерді ана тілінде жасаудан гөрі көп жағдайда оны ұғымдар жүйесінің ерекшеліктерін ескере отырып жасалған өзге тілдерден дайын қалпында ала салуға, яғни, қабылдауға мәжбүр етеді.



Бұл тұрғыдан келгенде, ұлт ұстазы қазақ тілін термин шығармашылығында пайдаланудың жарқын үлгісін көрсете білді. Ахмет Байтұрсынұлының 1912-жылы Орынборда жарық көрген «Оқу құралының» (қазақша әліппе) өзінен буын, дыбыс, нүкте, дауысты дыбыстар, жарты дауысты дыбыс, дәйекші, жінішкелік белгісі, хәріп (әріп) сияқты терминдерді ұшыратуға болады. Ал 1914-1915 және одан кейінгі 1928-жылға дейін бірнеше дүркін басылып тұрған «Тіл – құрал» оқулықтарында (қазақ тілінің сарфы) әбден қалыптасып, бүгінгі күнге дейін қолданылып жүрген зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, қосымша, жалғау, жұрнақ сияқты көптеген терминдер кездеседі. Бұлардың терминге қойылатын талаптарға жауап беретіндігін дәлелдеп жату артық, өйткені олар кезінде арнайы шеттетілгендігіне қарамастан, уақыт сынынан өтіп, тұрақты қолданылатын дәрежеге жетті. Мұнда ең басты атап айтатын нәрсе – Ахмет Байтұрсынұлы бір топ терминдерді ғана емес, бүкіл бір ғылым саласындағы арнаулы ұғымдардың атаулар жиынтығын, дәлірек айтқанда, терминдер жүйесін жасаған. Ғылымның дамуына орай ұғымдар жүйесінің ұлғайып отыруы табиғи құбылыс. Ахмет қалыптастырған терминдер жүйесі де қазақ тіл білімі дамыған сайын жаңа элементтермен толыға түсуде.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің ғана емес әдебиеттану ғылымының да негізін қалаушы екендігі өткен ғасыр басында-ақ мойындалды. 1923-жылы ғалымның мерейтойына арналған баяндамасында Мұхтар Әуезов: «Жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Аханды өзінің басшысы деп санайды», – деп көрсетеді. Сонымен, екіншіден, қазақ әдебиеттану ғылымының негізін

салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғалым осы ғылым саласының ғылыми терминологиясын да жасаған. Терминделуші ұғымдарды дәл білдіретін ондаған әдебиеттану терминдерін жасай отырып, ғалым олардың ғылыми терминге тән ғылыми анықтамасын берген. Ол дегеніміз – ғылыми ұғымның, өзіне ғана тән белгілерін айқындаумен қатар, олардың ұғымдар жүйесіндегі алатын орнын да көрсету деген сөз. Мысалы: «Айшықтың әрбір тақтасы шумақ деп аталады. Жұрттың бір ауыз өлең дейтіні шумақ болады, әр шумақта бірнеше тармақ болады. Тармақ дегеніміз – өлеңнің әрбір жолы. Тармақ ішінде бірнеше бунақ болады. Бунақ дегеніміз – өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы. Бунақ ішінде буын болады», – дейді «Әдебиет танытқыш» еңбегінде ұлт ұстазы. Бұл мысалдан байқайтынымыз, ғалым біріншіден, өлеңнің құрылым-құрылысын анықтаған, екіншіден, әрбір ұғымның өзіндік ерекшелігін, басты белгісін, іргелес өзге ұғымдардан айырмасын көрсететін анықтама берген. Яғни, әрбір ұғымның мазмұны мен көлемін бағамдаған; үшіншіден, әр ұғымның ғылыми атауын (айшық, шумақ, тармақ, бунақ, буын) жасаған; төртіншіден, терминдердің жүйелілік ерекшелігін ескере отырып, жалпы қолданыстағы бір үлгімен жасалған (модель) сөздерді термин ретінде пайдаланған; бесіншіден, ғылыми ұғымдардың арасындағы жүйелілік құрылымдық байланысты көрсеткен. Дәлірек айтқанда, айшықтың – шумақтан, шумақтың – тармақтан, тармақтың – бунақтан, ал бунақтың – буыннан құралатындығын сатылай көрсету арқылы ұғымдардың микрожүйесінің өзіндік табиғатын ашқан. Бұдан ғалымның өзі зерттеп отырған ғылым саласындағы ұғымдар жүйесінің ішкі байланысы мен ерекшелігін терең білумен бірге, оларды таңбалауда тілді өте шебер пайдалана алғандығы анық көрініп тұр. «Әдебиет танытқыштан» мұндай мысалдарды әлі де көптеп келтіре беруге болады.

Сондай-ақ, Ахмет Байтұрсынұлы тіл білімі, әдебиеттану ғылымдарының ғылыми терминологиясын жасаумен бірге, қазақ тілін оқыту әдістемесіне қатысты да көптеген терминдерге де жол салғандардың қатарына әдіс, әдісқой, сауаттау әдісі, жалқылау әдісі, жалпылау әдіс, жалқылау-жалпылау әдіс сияқты терминдерді жатқызуда болады. Бұлармен қоса Ахан тарих, этнография терминдерін де жасаған. Олай дейтініміз, Мұхтар Әуезов 1923-жылы ғалымның «Мәдениет тарихы» атты кітап жазып бітіргенін айтқан еді. Сонымен, үшіншіден, жоғарыда атап көрсеткеніміздей, Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіл білімі, әдебиеттану сияқты жеке ғылым салаларының ғылыми терминологиясының негізін қалаумен бірге әдістеме, тарих және этнографияға, жалпы мәдениетке қатысты көптеген терминдер жасаған ғалым. Ендігі бір айрықша атап айтуды қажет ететін мәселе – Аханның терминжасамның тәсілдері мен жолдарын анықтап бергендігі. Яғни төртіншіден, Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін анықтап, оларды өзінің терминжасам тәжірибесінде кеңінен пайдаланған ғалым. Терминжасам тәсілдерінің аражігі ашылып, олардың термин шығармашылығында іске қосылуы қазақ тілінің грамматикасының (сарфы) жазылуымен тікелей байланыста қарастыруды қажет етеді. Бүгінгі терминжасам тәсілдерінің өзіндік ерекшеліктері бар екендігіне қарамастан, ол негізінен қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерінің құрамына енеді.

Қорыта келе айтарымыз, қазақтың тіл біліміне ең алғаш болып жол салған ғалымның 150 жылдық мерейтойын лайықты түрде атап өту – еліміздің барлық аймақтарында, соның ішінде біздің Приозерск қаласының білім, ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдерінде, мектептер мен балабақшаларында ісшаралар өткізіп, өскелең ұрпаққа насихаттау жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылып, өткізіліп

туруы тиіс деп ойлаймыз. Алаштың бір алыбы Ахмет бабамыздың мерейтойы атаусыз қалмасын дегіміз келеді!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
Қазақстан жазушылар
одағының мүшесі.

Біз жемқорлыққа қарсымыз!

«Сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу – басты мақсат»

«Сыбайлас-жемқорлық» деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «corruptio» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ «corruptio» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік берген де, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдірген.



Сыбайлас жемқорлықпен күрес – Қазақстанның бүгінгі күнді күрделі мәселесінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

Сыбайлас жемқорлық бұл мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ, соларға теңестірілгендердің лауазымдық қызметін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып не мүлдіктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүлдіктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты, бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алу.

Сонымен қатар, олар демократиялық негіздері, мемлекетті басқарудағы жа-

риялылық пен бақылауды кеңейтуге халықтың мемлекет пен оның құрылымдарына деген сенімін нығайтуға, білікті мамандарды мемлекеттік қызметке кіруге ынталандыруға, мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың риясыз адалдығы үшін жағдайлар жасауға да бағытталған.

Сыбайлас жемқорлық мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай төмендететіні, қоғамда демократиялық оң өзгерістерді жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіретіні белгілі. Ең бастысы – адамдардың қоғамның демократиялық бастауларына, заң мен шындыққа, сайып келгенде билікке деген сенімін әлсіретеді.

Бүгінгі таңда мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы функциясын күқық қорғау органдарының жұмысы тұрғысынан ғана қарау мүмкін емес.

Қазіргі таңда мемлекет басшысының бастамасы бойынша басталған әкімшілік және конституциялық реформаларды іске асыру ерекше маңызға ие болып отыр. Бұл әкімшілік реформалардың мәні мен мазмұны сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейтуге, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесін одан әрі нығайтуға бағытталған.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, құқықтық түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор.


Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Азаматтық қоғамның барлық институттарының күш-жігерін біріктіру, осы дерттің одан әрі ұшықпауы үшін оны тоқтатудың халықаралық тәжірибесі мен барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады – демекпін.

Приозерск қалалық
сотының кеңсе басшысы
Даулет Сатыбалдин

Құрметті қала тұрғындары!

«QORJYNTÜBEK JARŞYSY» газеті арқылы қалада атқарылып жатқан жұмыс тарға сын ескертпелер, арыз, шағымдарыңыз, ұсыныстарыңыз болса біздің электрондық поштамызға (Priogazeta@mail.ru) жазсаңыздар болады. Біз өз тарапымыздан жергілікті атқарушы органдармен аталған мәселелердің оң шешілуіне көмек көрсетеміз.



Біз біргеміз!

САУАБЫ ҮЗІЛМЕЙТІН САУАПТЫ



Исламда сауабы үзілмейтін жақсы амалдардың бірі - мешіт, медресе, мектеп секілді білім мен тәрбие мекемелерін салу. Биыл бастамашыл азаматтардың қолдауымен қаламызда мешіт құрылысы басталды.



Мешіт - мұсылман баласының қажетті дұға-тілектерін бір Алла Тағаладан сұрайтын, пәнделік қателіктері үшін кешірім сұрап, тәубеге келер мекені. Алла үшін салуға қатысты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өз хадисінде былай дейді: "Кім жер бетінде Алланың үйін салуға ат салысса, Алла Тағала ол кісіге жұмақтан орын дайындайды".

Сондықтан қаржысын да, қажыр қайратын да аямаған азаматтарға қосылып барша халық болып осы іске қолдан келгенше жәрдемдесейік. Ала жаздай тыным көрмей қайтмек те осы сауапты істі тоқтатпай соңына дейін жеткізуіміз керек. Ынтымағы жарасқан қала тұрғындары қай біреулері жұмыс жасап жүргендерге ас ауқаттарын дайындап, сусындарын тасып қызмет жасағанның өзі қайырымды іс. Белгілі бір себептермен келіп түседі деген

қаражаттың кешігіп қалатын кезі болады. Сондай сәттерде дін жанашырларының, қала тұрғындарының бірлігі көп қиындықтарды жеңуге себеп болады. Мойнымызға міндет, арқамызға жүк алған соң азамат деген атауымызға кір келтірмей бастаған ісімізді соңына дейін жеткізуіміз керек деп ойлаймын.

Көп түкірсе көл болады демекші баршамыз осы сауапты іске барынша атсалысайық.

Жаңа мешіт құрылысына счет ашылды. Halyq HomeBank арқылы өз үлесіңізді қоса аласыз.

Компания: Фриро Думк Мечеть «Приозерск»

ИИК: KZ66601A091000043031

ИИН/БИН: 121041009719

КБЕ: 18

Банк: АО «Народный Банк Казахстана»

БИК: HSBKZZKX

Валюта: KZT

8 747 435 47 47



Исатай М.А.

Пресс-релиз



Азаматтардың құқықтарын және мемлекет мүддесін қорғау

Приозерск қаласының прокуратура-сымен атқарылған жұмыстар нәтижесінде азаматтар мен кәсіпкерлердің құқықтары және мемлекет мүддесі қорғалды.

2846 азаматтың, оның ішінде мектептерде тамақтану сапасын жақсарту, үзіліс кезінде демалу мерзімін ұзарту арқылы балалардың да құқықтары қорғалды, прокуратура бастамашылығымен жылжымалы сауда орны белгіленіп, ниет білдірген қала кәсіпкерлері (628 тұлға) Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің талаптарын бұзбай, сауда жасай алады, лауазымды тұлғалар тәртіптік жазаға тартылды.

Ұсыным талаптарын орындау нәтижесінде Мемлекеттік кірістер басқармасымен салық бойынша қарыз 249 млн.-нан 15 млн.-ға төмендетілді.

13 кәсіпкерге мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарттарды орындау аясында берешектер өндіріле бастады.

4 жеке тұлғаға Көші-қон заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік жазаға тарту туралы заңсыз салынған 4 қаулының күші жойылды.

Қылмыстық істерді тергеу 100 % электрондық форматқа көшті, бұл қылмыстық процестің ашықтығын қамтамасыз етеді.

Барлық істер қысқартылған тәртіппен тергелді, бұл азаматтарды қылмыстық процеске тарту мерзімін қысқартып, созбаланға салдырмады.

Шешімдерді қабылдау және оны прокуратурамен келісу мерзімі 3 тәуліктен аспайды.

Жалпы алғанда, қылмыстық заңнаманың өзгеруі өзінің оң нәтижелерін көрсетіп отыр.

Қала прокуратурасында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғайтын мобильді топ жұмыс істейді, байланыс номері: 54054

Приозерск қаласының прокуратурасы

Әлеуметтік қызметтер порталының жұмысы туралы 2021 жылғы есебі



Әлеуметтік қызметтер порталы әлеуметтік-еңбек саласының бірінші ақпараттық жүйесінің бір бөлігі оңалту құралдары мен қызметтерін өз бетінше сатып алу мүмкіндігін беретін автоматтандырылған жүйе болып табылады.

Портал 5 процесті цифрлауды көздейді:

- 1) Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету;
- 2) оңалтудың техникалық құралдарымен қамтамасыз ету;
- 3) ымдау тілі маманының қызметтерін көрсету;
- 4) жеке көмекшінің қызметін көрсету;
- 5) санаторлық-курорттық емдеу қызметтерін көрсету.

Мемлекет тарапынан оңалтудың техникалық құралдары мен қызметтерінің құнын өту тетігі көзделді. Портал қосымша тұтынушы қымбат тауарлар мен қызметтерді таңдаған кезде қосымша ақы төлеу мүмкіндігін қарастырады.

Бұл адал бәсекелестікті арттырып, әлеуметтік өнім берушілердің оңалту құралдары мен қызметтерін іске асыруға қатысуының ашықтығын қамтамасыз етеді.

Әлеуметтік қызметтер порталы ұсынылатын техникалық оңалту құралдары мен қызметтерінің сапасын жақсартуға мүмкіндік берді, оларды алу мерзімдерін қысқартып, құралдар мен қызметтерге нақты қажеттілікті айқындады.

Жеке оңалту бағдарламалары (ОЖБ) бар деңгейде мүмкіндіктері шектеулі адамдар техникалық құралдарды, оның ішінде гигиеналық құралдарды (жөргектер, жаялықтар, нәжіс-нәсеп қабылдағыштар және т.б.) және жеке көмекшінің, ымдау тілі маманының қызметтерін, санаторий-курорттық емдеуді әлеуметтік қызметтер порталы арқылы ғана алады.

Ағымдағы жылдың 2 тоқсанында оңалтудың техникалық көмек-

ші құралдарымен мүмкіндігі шектеулі 91 адам қамтамасыз етілді. сурдотехникалық құралдармен-9 адам; тифлотехникалық құралдармен-9 адам; протездік-ортопедиялық құралдар - 5 адам;

санаторлық-курорттық емдеумен - 21 адам.;

жеке көмекшінің қызметтері - 8 адам.; гигиеналық құралдармен - 39 адам.

Бүгінгі күні мүгедектігі бар адамдар әлеуметтік қызметтер порталы арқылы 24 түрі бойынша техникалық оңалту құралдарын алу мүмкіндігіне ие.

Ол үшін сізге ЭЦҚ алу, әлеуметтік қызметтер порталына кіру қажет aleumet.egov.kz онда әлеуметтік қызметтер порталының бастапқы беті ашылады. «ЭЦҚ таңдау»батырмасын басу қажет.ЭЦҚ файлын таңдау терезесі ашылады. ЭЦҚ-ны екі рет шертіңіз.

Оңалтудың тиісті техникалық құралдары мен қызметтерін қарау үшін «Сізге көмек»қосымша бетіне өту қажет.

Экранда Сізге тиесілі техникалық құралдар мен оңалту қызметтері көрсетіледі. Алдымен жеткізушіні таңдау керек, содан кейін өзіңізге ұнайтын техникалық оңалту құралын немесе қызметті таңдап, тапсырыс беру түймесін басыңыз. Өнім беруші сізге тауардың қол жетімділігі туралы хабарлайды. Осыдан кейін таңдалған өнім Сізге пошта арқылы жеткізіледі.

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ
А.Ю. Литов

Әлеуметтік инфрақұрылым нысаны түгендеу (паспорттау) және бейімдеу бойынша



«Аманат» партиясының сайлауалды бағдарламасын орындау жөніндегі Жол картасын іске асыру шеңберінде 84,85 – тармақтарды орындау бойынша 2021-2025 жылдар кезеңінде Приозерск қаласы бойынша ерекше қажеттілігі бар адамдар үшін кедергісіз қолжетімділік жасау мақсатында әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы объектілерін бейімдеу бойынша жұмыстар жоспарына сәйкес қоғамдық бақылау шеңберінде әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы объектілерінің қолжетімділігі қамтамасыз ету бойынша мониторинг тобы мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған әлеуметтік инфрақұрылымның кедергісіз ортасын құру үшін «Приозерск қаласының №1 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ, «№ 2 Жалпы білім беретін мектебі» КММ, «Балақай» бөбекжайы» коммуналдық

мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны пандустардың талапқа сай немесе сай еместігін тексеріп, бейімдеу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Осы мекемелерге мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін қажетті қамтамасыз ету процестерін жетілдіру жөніндегі шараларды жүзеге асыру үшін негіз ретінде ұсынымдық сипаттағы материалдар ұсынылатын болады.

Сондай-ақ, қаланың жеке кәсіпкерлеріне Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ қоғамдық бақылау аясында мемлекеттік қызмет көрсету сапасына бақылау жүргізу үшін әкімнің мүмкіндіктері шектеулі адамдар мәселелері жөніндегі кеңесшісімен және әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы объектілерінің қолжетімділігі қамтамасыз ету бойынша мониторинг тобы мемлекеттік мекемелер мен қалалық дүкендерді тұрақты негізде аралап жүретінін хабарлаймыз.

Мониторинг тобының хатшысы Ф.Жамбылбаева

Жастар - ел бола-**"JASYL EL" еңбек жасағының жұмыс барысы**

Ағымдағы жылдың 20 маусымы мен 7 шілдесі аралығында Приозерск қаласында "Biz birgemiz: Taza Qazaqstan" жобасы аясында "Қоқыс менікі емес, бірақ қала біздікі" атты акция ұйымдастырылып өткізілді.



Аталмыш акция аясында Жасыл ел еңбек жасақтары қала аумағын тазартып, қураған бұталарды кесіп, арамшөптерді жұлып, көл жағалауын қоқыстан арылтты.

Экологиялық акцияның негізгі мақсаты - жастар арасында экологиялық мәдени-

етті қалыптастыру және қала тұрғындарын тазалыққа шақыру болып табылады.

**Приозерск қаласының Жастар ресурстық орталығы****"Балалар жылы" қарсаңындағы іс - шаралар**

Президент 2022 жылды - балалар жылы деп жариялады. Қасым - Жомарт Тоқаев өз балалардың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы - біздің жалпы ұлттық міндетіміз - деп баса айтты.

Осаған байланысты ағымдағы жылдың 29 маусымы күні "Jastar fest" фестивалінің ашылу салтанаты өтті.

Аталған фестивальдің ашылу сал-

танатында қала әкімінің орынбасары Сағымбек Бейсекеев сөз сөйлеп, фестивальдің іс-шаралар жоспарын таныстырып өтті.

Барлық жүлделі орын алған қатысушыларға бағалы және естелік сыйлықтар табысталды.

Жалпы, жоба шілде мен желтоқсан айы аралығында жүзеге асырылады. Фестиваль аясында "Балабақшадағы үздік топ", "Гүлдер" көрмесі, "Аулаға шығып ойна" акциясы, ұлттық және басқа да спорт жарыстары, ай сайын кинокөрсетілім мен киберспорт ойындары ұйымдастырылып өткізілетін болады.

Приозерск қаласының Жастар ресурстық орталығы**Хабарландыру**

Құрметті қала тұрғындары! Қоржынтүбек дүкенінде ет бөлімі ашылды. Ет өнімімен қатар дүкенде қымыз, шұбат, ірімшік және шербет сатылады. Сіздерді біздің дүкенде күтеміз!

Объявление

Уважаемые жители города! В магазине коржынтубек открылся мясной отдел. Наряду с мясной продукцией в магазине продаются кумыс, шубат, сыр и шербет. Ждем вас в нашем магазине!

Балам Асанәлі!

Атасы мен әжесінің қызығы мен бұзығы, немереміз Асанәліні 3 жасқа келген туған күнімен құттықтаймыз. Әрқашан қанатың талмай, биікке самғай бер! Үміт артар сүйеішіміз бол! Искейтің құмарымыз қанбай, Асанәлі сүйікті немерем! Тілдерің балдай былдырлап, ата, ана дегеніннен айналдық!

Ұзақ жасты өмірлі бол,

Тіл мен көзден аман бол,

Берекелі, беделді бол,

Арыстандай айбатты бол,

Ақылды, қайратты бол!

Ізгі тілекпен:

Атасы - Мұсатай

Анасы - Зәбира

**Құттықтау****«QORJYNTÜBEK JARŞYSY» АҚ ТІЛЕК!**

Приозерск қаласында тағы бір жаңа газеттің ашылып, тұсауы кесілгелі жатқан жақсы жаңалық туралы есітіп, шынымен көңіліміз көтеріліп қалды. Халықтың жаршысы болып саналатын баспасөз құралдары билік пен халық арасындағы алтын көпір іспетті. Заман қанша жерден жаһанданып, электрондық құралдар белең алғанымен, жазба түрінде таралатын газет-журналдардың өміріміздегі алатын орны ерекше екендігі шындық. Бүгінгі таңда болып жатқан жаңалықтар, ақпараттар мен хабарлар баспасөз беттерінде қатталып, ертеңгі тарихымыз болып архивтерде сақталып қалады, яғни, жойылмайтын естеліктер мен құндылықтарымыз. Болашақта аталған құндылықтарды ұрпақтарымыз тауып алып оқитын, зерттейтін, зерделейтін және ғылыми еңбектер жазатын болады. Еліміздің және қаламыздың өміріне байланысты атаулы мерекелер – «Астана күні», «Құрбан айт» мейрамы және «Қала күні» мерекелері қарсаңында өмірге қадам басқалы отырған «Қоржынтүбек жаршысы» газетінің ұжымына бастаған ізгілікті істеріне ақ жол, сәттілік, жетістік, жақсылықтар тілей отырып, қазақ ұлты үшін қасиетті мейрамдардың бірі саналатын «Құрбан айтпен» де құттықтаймын! Бұл - ізгі амалмен Жаратушыға жақындай түсіп, сансыз сауапқа көңелетін қасиетті мейрам. Пенделік пен мәрт-

тіктің, сарандық пен жомарттықтың сынға алынар шағы. Құрбан шалу - Ислам дінінің ең ұлы рәсімдерінің бірі. Құрбан айт күндерінде Алла үшін орындалатын ғибадат жасау, қайырымдылық пен мейрімділік көрсету - әр мұсылманның сүннәті һәм міндеті. Осындай қасиетті аймен тұстас келіп, газет ашып отырған жас кәсіпкер баламыз Исатай Махамбеттің ізгілікті ісі қайырлы, берекелі болады деп үміттенемін және үлкен сенім артамын! Жақсы істердің бастамашысы болатын жастарымыздың қатары көбейе берсін!

Сайлау қажы Смағұлұлы Қарабеков, Қазақстан Республикасының Құрметті азаматы және Қазақстанның Құрметті заңгері.

**Құрметті қала тұрғындары!**

Жарнама бойынша +7-707-345-79-35 нөмері немесе (Priogazeta@mail.ru) почтасы арқылы байланыса аласыздар.

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: "ИП Исатай М.А."
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жәніс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, "Арқо" ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №1/1, Таралымы:500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
"Қазпошта" бөлімшелерінде жазылу индексі:66363

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.